

Торайғыров университеті

ӘӨЖ 37.016-057.87 (043.3)

Қолжазба құқығында

КОДЕКОВА ГАЛИЯ БИКЕНОВНА

**Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық
негізі**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор
Жуматаева Е.

Шетелдік ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент Башаркина Е.А.
(Могилев)

Қазақстан Республикасы
Павлодар, 2020

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕРМЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	7
КІРІСПЕ	8
1 СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ҰДАЙЫ ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ	15
1.1 Студенттердің тұлғасы және кәсіпке бейімделу ерекшелігі.....	15
1.2 Психологиялық үдеріс ретінде ойлаудың мәні.....	25
1.3 Студенттердің ойлау өнерін дамытудың теориялық-әдіснамалық аспектілері.....	38
2 СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА ЫҚПАЛЫ	52
2.1 Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін функционалдық дамыту амалдарының ғылыми негізі	52
2.2 Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың педагогикалық өлшемшарттары.....	69
2.3 Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделі.....	87
3 СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ БОЙЫНША ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ-ТӘЖІРИБЕ ЖҰМЫСЫ	100
3.1 Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін даму деңгейінің диагностикасы.....	100
3.2 Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту бойынша оқыту эксперименті.....	113
3.3 Эксперимент нәтижелері және олардың интерпретациясы.....	121
ҚОРЫТЫНДЫ	137
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	142
ҚОСЫМШАЛАР	155

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер колданылған:

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық бағдарламасы. – Астана, 2014 - 17 қаңтар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстан тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі – Нұрсұлтан, 2019 – 2 қыркүйек.

«Білім туралы» Қазақстан Республика Заңы (01.01.2019 ж.жағдайы бойынша өзгертулермен және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: 2016 жылдың 1 наурызда, №205 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасындағы білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: 2019 жылдың 27 желтоқсанда, №988 бекітілген.

Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: 2012 жылдың 23 тамызда, №1080 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауы. – Астана, 2010. - 29 қаңтар.

Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан– 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012. - 14 желтоқсан.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы ереже. – Павлодар: С. Торайғырова атындағы ПМУ, 2007.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы: 2013 жылдың 4 маусымы, №579 бекітілген.

АНЫҚТАМАЛАР

Аталған диссертациялық жұмыста келесі терминдер мен оларға сәйкес анықтамалары қолданылды.

Сенсуализм (латын *sensus* – қабылдау, мезім, түйсік) – түйсік пен қабылдау – шынайы танудың басты және негізгі форма деп пайымдайтын таным теориясының бағыты. Рационализмге қарама-қарсы бағыт. Сенсуализмнің негізгі қағидасы – «ойлауда болғанның бәрі, сезімде де бар». Сенсуализм принциптері сезімдік тану формасына жатады.

Прагматизм (грек. *pragma* – іс-әрекет, практика) – танымдық іс-әрекеттің және мәдениеттің басқа көріністерін бағалауда басшылыққа алынатын басты критерий олардың өмірлік тәжірибеге, практикасына сай болу деп пайымдайтын философиялық бағыт.

Рационализм (лат. *Rationalis* – ақыл-парасатты) – нағыз, шынайы білімнің қайнар көзі – тек ақыл-парасат деп пайымдайтын эпистемологияның бағыты. Рационализм тұрғысынан эмпирикалық мәлеметтеріне негізделетін индукция мен сезімдік қабылдау емес интеллект және оның жүргізілетін дедукция шынайлықтың критерийі бола алады.

Агент – (*Agens*) латын сөзі, «қызмет етуші» деген мағына береді, жаратылыстану ғылымдарында «күш» деген мағынада қолданылады.

Интроспекция (лат. *Introspectare* – ішке үңілу) – арнайы талдау нәтижесінде сыртқы дүние заттары мен құбылыстардың заттық байланыстардың барлығынан сананың шынайы, тура әсерлерді анықтауға бағытталған психология ғылымының әдісі. Хронологиялық тұрғыдан психологиялық ғылымның алғашқы әдісі.

Эмпиризм (лат. *empirica* – тәжірибе) – сезімдік тәжірибе білімдердің мазмұны мен қайнар көзі болып табылатын гносеологиялық және әдістемелік ұстаным. Эмпиризм – ғылыми зерттеулердің нәтижелері практикалық қолданылуды көздейді; эмпиризмнің орталық категориясы – «тәжірибе», оның мазмұны тек білімді ғана емес, сонымен бірге шеберлікті, білімді қолдану үдерісін, «табиғатты сынауды» және оның өзгеруін де білдіреді. Тәжірибе ұғымы сонымен қатар алынған білімді адамның жеке көзқарасымен байланыстыруды және бағалауды да қамтиды.

Парадигма – парадигма (грек тілінен *paradeigma* – мысал, үлгі) – белгілі бір тарихи кезеңде білімнің (пәннің) осы саладағы ғалымдардың зерттеу практикасы ұйымдастырылған негізгі ғылыми жетістіктер жүйесі (теориялар, әдістер).

Ассоциациялар – бұл белгілі бір құбылыстар, заттар немесе компоненттер арасында пайда болатын ерекше байланыс.

Рефлекс (лат. *reflexus* – шағылысқан) – жүйке жүйесі арқылы қозғалады, дененің қоздырғышқа табиғи реакциясы.

Синкретизм – бала қабылдауында да, ойлауда да, іс-әрекетте де біртұтас әсерге сүйене отырып, ең өзгеше және ішкі байланыс элементтері жоқ, оларды бөлінбейтін, біртұтас бейнеге апаратын бейімділікті көрсетеді. Э. Клапаред бұл тенденцияны балалардың қабылдауының синкретизмі деп атады,

П.П. Блонский – бұл балалар ойлауының байланыспаған байланысы. Л.С. Выготский аталған құбылысты баланың объективті байланыстардың болмауын субъективті байланыстардың орнына қоюға және әсерлер мен ойлардың байланысын заттардың байланысы ретінде қабылдауға бейім деп негіздеді.

Сензитивтілік (лат. *sensus* – сезім, түйсік) – адамның мінездік ерекшелігі, онымен болатын оқиғаларға деген сезімталдығының жоғарылауымен ерекшеленеді.

Даму – табиғат пен қоғамның бағытталған, заңды, үнемі өзгеруі. Өзгеру нәтижесінде объектінің жаңа сапалық жағдайы туындайды – оның құрамында немесе құрылымында. Дамудың екі формасы бар: объектінің біртіндеп сандық өзгеруіне байланысты эволюциялық (эволюция); объектінің құрылымындағы сапалы өзгерістермен сипатталатын революциялық (революцияны). Дамудың өсу сызығы (прогресс) және төмендеу сызығы (регресс) бар.

Білім – жеке тұлға, қоғам және мемлекет мүдделеріне сай оқыту мен тәрбиелеудің бағытталған үдерісі. Бұл мәдени құндылықтарды игеруге және әлемге моральдық-эмоционалды қатынасты, адамзаттың рухани және материалдық жетістіктерін сақтап, дамытатын кәсіби және шығармашылық қызмет тәжірибесіне әкеледі. Жеке адамның мүдделері мен қабілеттеріне сәйкес білім беру адамның фундаменталды құқықтарға жатады.

Интерриоризация – бұл сыртқы көріністері мен сыртқы заттарымен бірге ішкі үдерістерге, яғни ойлау, сана деңгейіне ауысуын деп атаймыз. Олар спецификалық трансформацияға ұшырап – жалпыланады, вербализацияланады, қысқарады және ең маңыздысы, сыртқы әрекетінің мүмкіндіктер шегінен шығатын, болашақта дамуға мүмкіндік алады

Ұғым – Жалпылаудың жоғары деңгейімен сипатталатын ойлау формаларының бірі. Ұғымдар нақты және абстрактілі болуы мүмкін. Ұғым сөзбен өрнектеледі және тек осы нысанда болады.

Түсінік – бұл қазіргі уақытта біздің сезім мүшелеріне әсер етпейтін объектінің немесе құбылыстың бейнесі (жадынан алынған). Түсінік – бұрын қабылданған объектінің немесе құбылыстың бейнесі (жадты елестету, еске түсіру), сонымен қатар өнімді қиял арқылы жасалған кескін.

Дискреттілік (лат. – *discretus* бөлінген, үзік-үзік) – жалғастық, үзіліссіздікке қарсы тұратын қасиет.

Болондық үдеріс – бұл қызмет етудің жалпылық принциптеріне негізделген жоғары білімнің бірыңғай еуропалық жүйесін қалыптастыру үдерісі. Болон реформалары «нәтижеге бағдарлау» және «студенттерге бағытталған оқыту» терминдерімен ерекшеленеді.

Семантика (грек тілінен таңбалаушы, білдіруші деген мағына береді) – тіл және тіл бірліктері (сөз, грамматикалық тұлға, сөз тіркесі, сөйлем) арқылы білдірілетін хабарды, заттар мен құбылыстардың мән-мазмұнын зерттейтін тіл білімінің саласы, семиотиканың негізгі бөлімдерінің бірі. Семантика сөз мағынасын, сөз құрамындағы элементтердің өзара мағыналық қарым-қатынасын, сөз мағынасы түрлерінің даму заңдылықтарын зерттейді.

Семиотика (грек тілінен semeion – белгі, таңба) (семиология) – таңбалық белгілер жүйесі туралы ғылым, адамзат қоғамына қызмет ететін салалардағы (тіл, мәдениет, салт-дәстүр, кино т.б.), табиғаттағы (жануарлар дүниесіндегі коммуникация) немесе адамның өз қызмет-қабілетіндегі (заттарды көру, есту арқылы қабылдау, логикалық пайымдау) ақпараттың сақталуы мен қабылдануына қатысты әр түрлі таңбалық жүйелердің құрылымы мен қызметінің жалпы мәселелерін зерттейтін ғылыми пән.

Синтактика (Syntactic) – таңбаның құрылу дұрыстығы жайындағы таңбалық жүйе.

Алгоритмдік парадигма – оқыту технологиясына жаңа философиялық пайым, көзқарас.

Эмпирикалық парадигма – көп жылдық жинақталған тәжірибеге сүйенуі.

Стохастикалық парадигма – ықтималдық теориясын жасау, яғни студенттің ішкі интеллектуалды әлеуетін мөлшерлеп ықтимал жауаптарын деңгейліктерге дәлме-дәл жіктеу.

Метафора – бұл адамның әлемді түсіну құралы ретіндегі ой феномені, ал тіл метафораның өмір сүру тәсілдерінің бірі ғана.

Диалектика – «Дауласу, пайымдау өнері» – философиядағы аргумент әдісі, сонымен қатар осы ойлаудың ойдағы мазмұнында кездесетін қарама-қайшылықтарды зерттей отырып, рефлексивті теориялық ойлаудың формасы мен әдісі.

Дидактика – бұл оқыту проблемаларын зерттейтін педагогика мен білім теориясының бөлімі. Ол білім, білік, дағдыларды игеру және сенімдерді қалыптастыру заңдылықтарын ашады, білім мазмұнының көлемі мен құрылымын анықтайды.

Дивергентті ойлау (лат. divergere – айыру) – шығармашылық ойлау әдісі, әдетте мәселелер мен міндеттерді шешу үшін қолданылады. Ол бір проблеманың көптеген шешімдерін табудан тұрады.

Конвергенттік ойлау (лат. convergere – жинақтау) – белгілі бір мәселені шешу үшін бұрын үйренген алгоритмдерді дәл пайдалану стратегиясына негізделген, яғни осы мәселені шешу үшін элементар операциялардың реттілігі мен мазмұны бойынша нұсқаулар берілген кезде.

Лабильділік – бұл жүйке үдерістердің функционалды қозғалғыштығын, олардың пайда болу және аяқталу жылдамдығын сипаттайтын жүйке жүйесінің қасиеті.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЖОО	– жоғары оқу орны
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ПМУ	– С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
ҚР	– Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті
МЖМБС	білім беру стандарты
ОПҚ	– оқытушы-профессорлар құрамы
БТ	– бақылау тобы
ЭТ	– эксперимент тобы
ДУӨ	– Дамудың уәждемелік өрісі
АРИ	– Аналитикалық-рефлексивті икемдер
ОД	– Ойлаудың дербестігі
СОӨ	– Сыни ойлау өнері
КҚБ	– Кәсіби-құндылық бағдарлар
АКО	– Арнайы кәсіби ойлау
ЛКО	– Логикалық-креативті ойлау
ІРжМБ	– Ізгілікті-рухани және мәдени бағдарлар
СМБСҚҚ	– Сөздің мағыналық, белгілеу және сөйлем құрау қабілеті
КОДҰБҚ	– Кәсіби ортаны дұрыс ұйыдастыра білу қабілеті
КБмТКД	– Кәсіби білім мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана білу қабілеті
ҚБҚ	
ЖБП	– Жалпы білім беру пәндері
БП	– Базалық пәндер
КП	– Кәсіптендіру пәндері

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Бүгінгі таңда біздің қоғам жоғары білімді, өз мамандығын жетік білетін, ішкі жан дүниесімен кездесер қиындықтарды дер кезінде шешетін ұтқыр, дағдарысқа душар етер жағдайлардан өзінің ішкі парасат-пайымымен одан өзін сақтай алатын, өзгені де құтқаратын мамандарға мұқтаж. Мемлекетті басқарудың әртүрлі деңгейлерде, қоғамға қызмет көрсету, білім беру, денсаулықты сақтау орындарында және т.б. салаларда осындай мамандар қызмет етсе, Қазақстан Республикасының азаматтарының тұрмыс құруында қоғам өзгерістеріне орай сапалық деңгейде айтарлықтай өзгеретіні айдан анық. Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту бұл мәселенің шешілуін қамтамасыз етуге қауқарлы. Кәсіби ойлау қабілеті жетік дамыған ұстаз оқушыға дұрыс жол тауып білімін ұштаса, қызығушылығын оятып, ұдайы ізденіске талпындырса, көшбасшы өз қоластындағы адамдардың еңбек өнімділігін арттыру жолдарын іздестірсе, әрбір қызметкер өз кәсіби құзіретінде кәсіби ойлау қабілетін дамытса, Қазақстан Республикасының әлемдегі өркениет елдерімен қатар тұрары күмәнсіз, сөзсіз дер едік.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Назарбаев «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасында, ғылым мен қоғам дамуының негізгі ресурсы – адам факторы, адам капиталы болып табылатынын, яғни өндірісте, ғылымда, мәдениетте және т.б. жаңалықтар ашып, өнертабыс жасай алатын адам ең жоғары бағаланатынын атап өткен [1]. Демек, Қазақстандағы жоғары білім берудің маңызды миссиясы – интеллектуалды дамыған, шығармашылықпен жұмыс істейтін, кәсіби ойлау қабілеті жіті дамыған Қазақстан Республикасының азаматтарын даярлау. Бұл, өз кезегінде, ЖОО-нда білім беру үдерісін ұйымдастырудың мазмұнын, технологияларын, әдістерін, білім бағдарламаларын заманауи талаптарына сәйкестендіру – күн тәртібіндегі бірінші міндет.

Қазақстан Республикасының президенті «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деген тақырыппен халыққа жолдауында Қ. Тоқаев [2] шикізатқа байланған менталитеттен бас тартып, экономиканы әртараптандыру қажеттілігіне баса назар аударады, яғни біздің мемлекетіміздің болашағы интеллектуалды әлеует, жоғары технологиялардың, ғылымның даму деңгейімен анықталатынын нақты атап өткен. 2020-2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, Қазақстан зияткерлік қоғам құру жолына түсті [3]. Бұл қоғам, саяси және экономикалық механизмдер, өндірістік, әлеуметтік, білім беру, инновациялық салаларды жоғары интеллект және адал еңбек ететін адам басқаратынын атап өтіп, білім беру үдерісі мен мазмұнына жаңа талаптар қояды.

Ол үшін Қазақстандағы білім беру жүйесі ерекше инновациялық даму нысанына өтуі тиіс, мұнда біздің халық педагогикасының ең үздік дәстүрлерін сақтауға және сол уақытта дүниежүзілік білім беру жүйелерінің

тенденцияларын ескеруге мүмкіндік беретін, біздің білім беру жүйесін дүниежүзілік нормалар мен стандарттарына сәйкестендіру – қоғам сұранымы.

Болондық үдеріске қосылуына байланысты отандық білім беруді модернизацияландыру және Еуропалық одақпен жүргізілетін білім беру саясаты инновациялық білім игеруге ұмтылдыруда. Олардың бірі – болашақ мамандарға кәсіби білім берудегі кәсіби ойлау амалының идеясын енгізу болып табылады [4].

Жоғарыдағы қоғам сұранымына жауап берер зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында біздер бірталай тұжырымдарды төмендегідей сараладық:

Студенттердің білім алуына, кәсіби ойлау қабілетін дамытуына бейімделу мәселелері: Д.А. Андреева [5, 6], Ю.А. Александровский [7], А.А. Реан, А.Р. Кудашев, А.А. Баранов [8], А.В. Петровский [9] және т.б.

Кәсіптік білім беру теориясы мен практикасының тұжырымдамалық негіздері: В.А Адольф, Н.Ф. Ильина [10], С.И. Архангельский [11], А.А. Вербицкий [12], Г.Ж. Меңлібекова [13] және т.б.

Кәсіби қызметке дайындық мәселелері: А.А. Баталов [14], Л.Н. Захарова [15], Х.Т. Шерьязданова [16], А.Ж. Сапарғалиева [17], А.К. Аманова [18] және т.б.

Жоғарыда талданған ғылыми еңбектерде студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі жете зерделенбеген. Аталған зерттеушілердің еңбектерін саралай келе біздер бірталай қайшылықтарды анықтадық:

– студенттердің кәсіби ойлау қабілетін жаңа қоғам сұранымына сәйкес ғылыми негіздің жете зерттелмеуінің арасында;

– студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту қажеттігі мен оның даму амалдарының ғылыми негізде құрылмауының арасында;

– студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың прагматикалық іскерлігін ширатылмауы мен оның функционалдық сауаттылығының арасында карама-қайшылықтың бар екені анық байқалды.

Аталып отырған қайшылықтарды шешу мақсатында біздер «Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі» деп зерттеу тақырыбын таңдадық.

Зерттеу мақсаты: студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізін анықтау және оны тәжірибеден өткізу.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісі.

Зерттеу пәні: студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі.

Гипотеза: Егер студенттердің кәсіби ойлауының заман талабына сай келерлік тұсы жете анықталса, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың амалдары ғылыми негізде толыққанды зерделенсе, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың функционалдық сауаттылыққа ықпалы зерделенсе, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделі жасалса, оның әдістемесі даярланса, онда студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік туады, мұның өзі бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды даярлауға септігін тигізеді.

Зерттеу міндеттері:

- студенттердің кәсіби ойлау қабілетін үздіксіз өркендетудің әдіснамалық негізін анықтау;
- студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың амалдарын ғылыми негізде зерделеу;
- студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың функционалдық сауаттылыққа ықпалын анықтау;
- студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделін ұсыну;
- студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту әдістемесін даярлау;
- «Мансап психологиясы» пәнінің тақырыптық жоспарына «Болашақ мамандардың кәсіби ойлау қабілетін дамытудың теориялық негіздері» блогын құру, диплом алдындағы практикадан өтуге арналған әдіснамалық нұсқауларды әзірлеу;
- студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізін эксперименттен өткізу.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі:

Кәсіби ойлау бойынша психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді талдау нәтижесінде ойлау арнайы еңбек іс-әрекетіне байланысты көп қырлы зерттеулер жүргізілгені анықталды. Психологтар, философтар мен түрлі профильді мамандардың жұмыстарында бірнеше бағыттар айқындалды:

– ойлаудың физиологиялық негізі, формалары мен түрлері: ойлау – бас мидың функциясы И.П. Павлов [19], Б.М. Теплов [20, 21], диалектикалық ойлау Б.Г. Ананьев [22], таным іс-әрекетінің психологиясы С.М. Джакупов [23], ойлау табиғаты мен құрылымы С.Л. Рубинштейн [24], Қ.Б. Жарықбаев [25], іс-әрекет ойлаудың үдерісі мен қозғаушы күш ретінде А.Н. Леонтьев [26], психикалық үдерістердің бірлік теориясы Л.М. Веккер [27] және т.б.

– білім алушылардың ойлау өнерінің даму мәселелері: ойлау іс-әрекетінің үдерісі мен мәселесі ретінде А.В. Брушлинский [28], білім алушылардың онтогенезде ойлау мен сөйлеу үдерістерінің дамуы Л.С. Выготский [29], қарапайым пайымдаудан дерексіз ойлауға даму мен диалектикалық ойлау Т.Т. Тәжібаев [30], білім алушылардың жас бойынша ойлау үдерісінің түзілуі мен дамуы Ж. Пиаже [31], когнитивтік стильдер М.А. Холодная [32], Ж.Ы. Намазбаева [33], студенттердің гносеологиялық әлеуетін дамыту А.А. Кудышева [34], студенттердің танымдық іс-әрекетін дамыту ерекшеліктері А.Ж. Аплашова [35], студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру М.Е. Нургалиева [36] және т.б.

– студенттерді кәсіби дайындауда құндылық-нәтижелілік бағыттылығын қамтамасыз ететін күзіреттілік амал: Е.И. Байдыбекова [37], педагогикалық іс-әрекеттің кәсіби деңгейіне құндылық қатынасы И.Д. Багаева, Н.В. Кузьмина, Ю.С. Шапошникова [38], оқытушының кәсіби құзырлылығын қалыптастырудың теориялық негізі В.А. Адольф [39], маманның кәсіби құзырлылықтың құрылымы мен дамуы Ю.В. Варданян [40], адамның кәсіби және тұлғалық дамуы А.А. Деркач [41], студенттердің өмірлік және кәсіби құндылықтық бағдарлардың қалыптасуы Е.Л. Руднева [42], электронды оқу құралдарын пайдалану бойынша кәсіби құзырлылықтың қалыптасуы

С.И. Ферхо [43], болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру Б.Т. Кенжебеков [44], педагог мамандығының әлеуметтік институты ретінде дамуы В.Н. Введенский [45], тұлғаның рухани-ізгілік даму негіздері А.С. Саренова [46], кәсіби практика барысында студенттердің кәсіби құзырлығын қалыптастыру Ж.Ж. Турсынова [47], педагогикалық аксиология В.А. Слостенин [48], кәсіби-құндылықтық бағдарлардың теориялық талдауы Е.Г. Слободнюк [49], кәсіби жолын бастаған оқытушылардың әдістемелік құзыреттіліктерін дамытудың оперативті моделі L. Măța, C. Dumitriu, I.C. Timofti, Gh. Dumitriu, M. Stanciu [50] және т.б.;

– білім алушылардың шығармашылық ойлаудың спецификасы: К. Дункер [51], шығармашылық ойлаудың үдерістері А. Ньюэл, Д. Шоу, Г. Саймон [52], өнертабыс үдерісінің психологиялық зерттеу Ж. Адамар [53], шаблондық емес ойлау Э. Боно [54], шығармашылық нақты ғылым ретінде Г.С. Альтшуллер [55], кәсіпқойдың шығармашылық ойлаудың психологиясы М.М. Кашапов [56, 57], білім беру үдерісінде студенттердің шығармашылық ойлаудың қалыптасуы Е.В. Нейфельд [58], педагогтардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориясы мен практика Е.И. Бурдина [59], студенттерді кәсіби даярлауда шығармашылық ойлау Е.А. Дьяченко [60] және т.б.;

– білім алушылардың кәсіби педагогикалық ойлау: диалектикалық педагогикалық ойлау Д.Б. Богоявленская [61], Ю.К. Бабанский [62], педагогикалық іс-әрекеті мен ойлаудың әдістемелік мәдениеті О.С. Анисимов [63], студенттердің педагогикалық ойлауын дамыту Д.В. Вилькеев [64], оқытушының еңбек психологиясы А.К. Маркова [65, 66], педагогтың конфликт жағдайды шешуге дайындау А.Х-М. Батчаева [67], педагогтың психологиялық ойлауын қалыптастыру К.М. Романова [68], педагогикалық және ақпараттық технологияларды интеграциялау негізінде кәсіптік оқыту педагогтарды даярлау Л.А. Шкутина [69], оқу үдерісін ұйымдастырудың мақсатты формасы контекстінде болашақ педагогтың кәсіби ойлауын дамыту А.Х. Курашинова [70], болашақ оқытушылардың құзіреттілік амалға негізделген кәсіби ойлауын қалыптастыру С.И. Гильманшина [71] және т.б.

Зерттеудің әдістері: кәсіби ойлау қабілетін ғылыми негізде дамытуды жүзеге асыру саласындағы әдіснамалық және нормативтік құжаттарды талдау, отандық және шетел тарихи-философиялық және психологиялық зерттеулерді теориялық талдау; ойлау өнерінің физиологиялық даму үдерісінің бөліктік-құрам және құрылымдық-логикалық талдау; эмпирикалық әдістер; жалқылау, жалпылау, ұқсасын табу, феноменін анықтау, сауалнама, бақылау, стандартталған психодиагностика; психологиялық эксперимент; мәліметтерді статистикалық талдау және т.б.

Зерттеу базасы: эксперименттік жұмыс С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде (Павлодар), Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті (Павлодар), А.А. Кулешов атындағы Могилев мемлекеттік университеті (Беларусь Республикасы) жүргізілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі;

- студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту әдістемесі;
- студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың амалдары;
- студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың функционалдық сауаттылыққа ықпалы;

- студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделі;
- «Мансап психологиясы» пәнінің тақырыптық жоспарына «Болашақ мамандардың кәсіби ойлау қабілетін дамытудың теориялық негіздері» блогын құру, диплом алдындағы практикадан өтуге арналған әдіснамалық нұсқаулар.

Зерттеудің теориялық маңыздылығын студенттердің кәсіби ойлау қабілетін арнайы зерттеген ғалымдардың еңбектерінің талдануы және олардың ғылыми жұмыстарындағы тұжырымдардың түйінделуі; студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориясының анықталуы, «кәсіби ойлау» түсінігіне авторлық анықтаманың ұсынылуы, студенттердің кәсіби ойлауының даму өлшем-көрсеткіштерінің әзірленуі; студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделінің құрылуы.

«Мансап психологиясы» пәнінің тақырыптық жоспарына «Болашақ мамандардың кәсіби ойлау қабілетін дамытудың теориялық негіздері» блогы, диплом алдындағы практикадан өтуге арналған әдістемелік нұсқаулықты, студенттердің кәсіби ойлауын анықтауға арналған диагностикалық құралдарды әзірлеу және оқу үдерісіне енгізу **зерттеудің практикалық маңыздылығын** анықтайды.

Зерттеудің негізділігі мен шынайылығы зерттеудің теориялық қағидаларын әдістемелік негіздеумен қамтамасыз етілді: кәсіби ойлау мәселесінің жүйелік қарастырылуы; теориялық нысанның тәжірибелік тексеруден өтуі және оларды апробациядан өткізіп, нәтижелерін дәлелдеу; эмпирикалық, алгоритмдік, стохастикалық тұрғыдан зерттеу жүргізу және талдау жұмыстарының жиынтығын қолдану, зерттеудің мақсаты, міндеттері мен гипотезаға сәйкес болуы; эксперименталды зерттеудің ұзақтылығы; сан мен сапалық талдаудың үйлесуі; мәліметтерді статистикалық талдауы; тексерілген оң нәтижелердің алынуы; зерттеудің нәтижелерін студенттерге кәсіби білім беру үдерісіне енгізілуі.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- бірінші қорғауға ұсынылатын тұжырым ретінде студенттердің кәсіби ойлауының жалпы әдіснамалық негізі онтологияға тікелей қатысты, себебі әрбір студент – ол ерекше бір әлем, олай болса оның онтологиялық, адами болмысы, басқа студенттен қандай ерекшелігі бар екендігін осы тұрғыда зерттелінді;

- гносеологиялық тұрғыда болатын болса, сол кәсіби құзыреттілігіне қатысты оның жалпы ұғымдарды тануында көбінесе тағылымдық, теориялық мәселелерге ерекше назар аударып, оны іс жүзінде іске асыруға ынталы, ынта танытуы, осының сапасында прагматикалық іскерлік пайда болады, сонымен қатар осы екеуін қосқанда бір жағынан тұлғалық болмысы, екінші жағынан тағылым меңгерудегі танымы, үшінші жағынан рухани құндылықтары туады;

– педагогикалық негізде біз көбінесе рухани құндылықты жалпы теориялық тұрғыда аксиология деп атаймыз. Осындай ұстанымдардың өркендеуінің нәтижесінде ғылыми теориялық негіз құралды;

– төртінші қорғауға ұсынылатын тұжырым ретінде әр студенттің ішкі ойлау қабілетін арнайы кәсіпке бағдарлап қарастырылды. Нәтижесінде, осы нысанға қатысты зерттеген ғалымдардың еңбектерін талдап, оларға өз көзқарасымыз, дүниетанымымыз құрастырылды;

– бесінші қорғауға ұсынылатын тұжырым ретінде аталған алгоритм бойынша алдыңғы тұжырымдардың негізінде студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің ұдайы дамытылу моделі жасалды;

– алтыншы қорғауға ұсынылатын тұжырым ретінде алгоритм бойынша аталып өткен тұжырымдардың нәтижеге бағдарлануын қадағалайтын вербалды емес, өнімді әдістері сұрыпталды;

– жетінші қорғауға ұсынылатын тұжырым ретінде біздер модернизация кеңістігінде студенттердің кәсіби ойлау қабілетін педагогикалық бағытта өздігінен ұдайы өркендету траекториясын қамтамасыз ететін амалдар сараланды;

– барлық тұжырымдар бернеленіп, студенттердің интериоризациялық қоры кәсіби ойлау қабілетіне сәйкес құрылуы эксперимент арқылы тексерілді.

Апробация және зерттеу нәтижелерін енгізу. Зерттеу нәтижелері 6 халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (Краматорск қ., Украина, 2017; Полтава қ., Украина, 2018; Шеффилд қ., Великобритания, 2019; Павлодар, 2020; Могилев қ., Беларусь Республикасы, 2020; Нұр-сұлтан қ., 2020) ұсынылған; ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда (С. Торайғыров атындағы «ПМУ хабаршысы», педагогикалық сериясы; Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы журналының «Педагогика ғылымдары» сериясы; «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» ғылыми журнал) – 4 жарияланым; нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық журналда ақпараттық базасына (Scopus базасы) тіркелген шетел журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала – 1 жарияланым (Венесуэла, 2018) ұсынылған.

Диссертацияның құрылымы: диссертация нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, белгілер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімімен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде тақырып көкейкестілігінің негіздемесі жасалды, зерттеу мәселелері негізінде қарама-қайшылықтар дәйектелді, зерттеу пәні мен нысаны анықталды, мақсаты көрсетілді, зерттеу гипотезасы мен жетекші идеясы пайымдалды, ғылыми жаңалығы ашылды, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы айқындалды, зерттеу кезеңдері мен әдістері сипатталды, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар ұсынылды.

«Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін ұдайы дамытудың әдіснамалық негізі» деп аталатын бірінші тарауда студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың әдіснамалық негізі ашылды, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін арнайы зерттеген ғалымдардың талдауы және олардың еңбектеріндегі

тұжырымдар түйінделді; проблемалық жағдаяттарда студенттердің кәсіби ойлауын дамытудың психологиялық негіздері ашылады, студенттердің кәсіби іс-әрекеттегі ойлауының маңыздылығы анықталады, студенттердің кәсіби ойлауын дамытудың ғылыми теориясы айқындалды.

«Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың функционалды сауаттылыққа ықпалы» деп аталатын екінші тарауда студенттердің кәсіби ойлауын қалыптастыратын халықаралық педагогикалық тәжірибе қорытылды, студент-психологтардың даярлығының мәні мен мазмұны ашылды, «кәсіби ойлау» ұғымына авторлық анықтама берілді, студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің функционалды дамыту амалдарының ғылыми негіздері анықталды, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың педагогикалық шарттары айқындалды, студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің даму көрсеткіштері әзірленді, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделі ұсынылды.

«Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту бойынша эксперименталды-тәжірибе жұмысы» атты үшінші тарауда тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері келтірілді: пайдаланылған диагностикалық құралдардың негіздемесі жасалды, зерттеудің дәлелдеу кезеңдерінің нәтижелері ұсынылды, қалыптастырушы эксперименттің заңдылықтары ашылды, зерттеудің қорытынды кезеңінің нәтижелері сараптамадан өтіп, оның салыстырмалы көрсеткіштері ұсынылды және талданды.

Қорытынды жүргізілген зерттеудің теориялық және практикалық нәтижелері жинақталды, негізгі қорытындылары тұжырымдалды.

Қосымшада зерттеудің практикалық материалдары ұсынылды.